

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

1. 吕叔湘, 朱德熙. 语法修辞讲话. – 北京: 中国青年出版社, 1952年.
2. 黎锦熙, 刘世儒. 汉语语法教材: 基本规律. – 北京: 商务印书馆, 1957年.
3. 邢福义. 汉语复句研究. – 北京: 商务印书馆, 2001 年.
4. 邵敬敏. 以语义特征为标志的汉语复句教学新系统刍议//世界汉语教学第 4 期, 2007年.
5. Абдырақын Нұрхалық. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы: оқу құралы.. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 128 б.
6. Мамытбеков Құламқадыр. Қазіргі қазақ тіліндегі салалас құрмалас сөйлемдер, канд.диссертация, 1973 ж.

ӘОЖ 811.581:7.08

СЯНЬСЯ ЖАНРЫ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНЕ КӨП РЕТІНДЕ

Мылтықбай Жанерке Ақбердіқызы

zmyltykbai.02@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М02311 – «Шетел филологиясы: қытай тілі»
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент м.а., Г.Ахметбек

Қазіргі уақытта Қытай әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі болып табылады, ол тек экономикалық және технологиялық салаларда ғана емес, сонымен қатар мәдениеттегі, соның ішінде әдебиет пен киноиндустриядағы әлемдік тенденцияларға әсер етуде көрінеді. Соңғы екі жылда заманауи туындылар шет елдерде үлкен танымалдылыққа ие болды, ал ең танымал туындылардың барлығы қиял-ғажайып жанры - "сянься" (仙侠) жанрының туындылары болып табылады. Сянься (仙侠) терминін сөзбе-сөз "Ажалсыз қаһарман" деп аударуға болады. Термин екі иероглифтен тұрады: сянь (仙) — Өлмейтін жаратылыс, ся (侠) — батыл және әділ кейіпкер.

Сянься жанры (仙侠) қазіргі қытай мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және қытай мәдениетін ел шекарасынан тыс жерде тарату мен ұсынуда маңызды рөл атқарады. Жыл сайын бұл жанр Қытайда да, әлемдік ауқымда да танымал бола бастады. Сянься (仙侠) Қытай тарихының, мифологиясының және дәстүрлерінің байлығы мен тереңдігін көрсететін маңызды мәдени елші ретінде әрекет етеді. Ол негізінен ұлттық мәдени бірегейлікпен тығыз байланысты және ойын-сауық өнімі ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлем бойынша миллиондаған көрермендер үшін Қытай мәдениеті туралы білім көзі болып табылады.

Сянься жанрының негізгі сипаты мен ерекшеліктері. Сянься - шытырман оқиғаға толы қиялға байланысты қытай әдебиеті мен кино жанры. Жанрдың шығармалары даосизм мен буддизмнен шабыттанған және дәстүрлі қытай мифологиясы мен фольклорына негізделген. Уся танымал жанрынан ерекшелігі - айқын қиял, яғни сянься кітаптары мен фильмдерінің әрекеті құдайлар, жындар және барлық қиял-ғажайып жаратылыстар мекендейтін әлемде орын алады. Сянься шартты түрде алты әлемге бөлінеді:

- жоғары құдайлар;
- кішігірім құдайлар мен құдайшыл жаратылыстар;
- жындар мен бейбіт перілер;

- зұлым перілер;
- ажалдылар(адамдар);
- өлілер.

Сянься романдары немесе фильмдері осы әлемдердің кез-келгенінде орын алуы мүмкін, ал сюжеттің дамуы барысында кейіпкерлер бір патшалықтан екінші патшалыққа ауыса алады. Әдетте, басты кейіпкерлердің басты мақсаты-көтерілу – олар саналы түрде немесе саналы емес болса да, оларды "ажалсыздар" мәртебесіне көтеретін физикалық және рухани кемелдікке ұмтылады ("сянь" (仙) иероглифі "ажалсыз" мәңгілік өмірге жеткен адамды емес, құдайға ұқсас жоғары болмысты білдіреді). Осы мақсатқа жету жолында олар ішкі күштерді ашады, табиғаттан тыс қабілеттерге ие болады және олардың моральдық қасиеттерінің беріктігін тексеретін бірқатар сынақтардан өтеді. Әдетте ежелгі Қытайды еске түсіретін ажалдылар әлемінде басталатын оқиғалар, басты кейіпкердің құдайлық мүмкіндіктерге ие болуымен аяқталады, ғарыштық деңгейлерге жетеді. Сяньсяның типтік ерекшеліктері-ежелгі немесе ортағасырлық Қытайды еске түсіретін экзотикалық әлем, орта патшалықтың мифологиясынан шыққан ерекше тіршілік иелерінің көптігі, сондай-ақ әртүрлі сиқырлар мен шығыс жекпе-жек өнерін қолданатын керемет шайқастар [1].

Сянься жанрындағы туындыны ашқан кезде назар аударатын бірінші нәрсе-экзотикалық терминдердің, философиялық ұғымдардың және батыс оқырманының түсінбейтін ерекше жаратылыстардың көптігі.

Мысалы, тоғыз құйрықты түлкі хули-цзинь немесе қытайлық химера цилинь сияқты құбылғыш бейнелер, ұсақ құдайлар мен жындардың тізімін, сянься әлемі ежелгі Қытай мифологиясынан алған. Бұл құбыжықтардың барлығы біздің дәуірімізге дейін жасалған "Шан хай цзин" ("таулар мен теңіздер кітабы") трактатында егжей-тегжейлі сипатталған. Оның бастауында Қытай халықтарының ежелгі тотемдік нанымдары бар, онда уақыт өте келе жылан, империялық биліктің символы айдаһарға, ал қарлығаш аңызға айналған феникске айналды.

Қайта өңделген түрінде ежелгі қытай мифологиясын шығыстың жетекші діни-философиялық ілімдері — даосизм мен буддизм де қолданады, олардың элементтері сяньсяның ажырамас бөлігі болып табылады. Конфуцийшілдікпен бірге олар сан цзяо рухани кешеніне ("үш ілім") кіреді және көптеген жылдар бойы бір аумақта бірге өмір сүргені соншалық, бір немесе басқа құдайдың немесе тұжырымдаманың қайдан шыққанын анықтау қиын болуы мүмкін.

Сянься жанры буддизмнен жанның қайта туылуы туралы идеясымен көп нәрсе алды. Сонымен, сянься жанрындағы әңгіме басты кейіпкердің өлімінен басталып, содан кейін барлық қызықты оқиғалар сол кезден басталады. Будда канондары бойынша ол алты инкарнацияның бірінде (құдай, жарты құдай, адам, жануар, аш елес немесе тозақ жаратылыс) қайта туылуы мүмкін. Инкарнацияға байланысты ол белгілі бір әлемде болады [2].

Сянься жанрындағы қытай мәдениетінің негізгі элементтері. Сянься жанры қытай мәдениетінің негізгі құндылықтарын, дәстүрлерін, сонымен қатар қытай халқының сәйкестігін көрсететін символдары мен мотивтерін қамтиды. Сянься жанрының қытай мәдениетіндегі ең негізгі элементтерінің бірі бұл мифтер мен аңыздар болып табылады. Мифтер ұлттық рухтың тамыры болып табылады және жаратылыстың, күрестің, армандардың және бірліктің ұлы рухын қамтиды. Бұл рухтар Пангу әлемін құруда, аспанды түзететін Ньюада, теңізді толтыратын Джингвейде, күнді қуатын Куафуда, күнді ататын Хоуида, және басқа да көптеген оқиғаларда көрінеді [3]. Сянься жанры көбінесе осы секілді бай Қытай мифологиясы мен аңыздарынан шабыт алады. Онда құдайлар, жындар, айдаһарлар сияқты ежелгі мифтердің кейіпкерлері, сондай-ақ фольклор мен мистика элементтері болуы мүмкін. Қытай мәдениетінде табиғи элементтердің, ең алдымен атмосфералық құбылыстардың - найзағай, жаңбыр мен желдің

билеушілері болған құдайлар халықтың сенімдерінде маңызды рөл атқарды. Мысалы, ағайынды су мен желдің иелері-Ши Уду мен Ши Цинсуан. Бұл құдайлар халық арасында ең танымал және құрметті. Ши Уду мен Ши Цинсуан секілді және одан да басқа атақты мифтерде кездесетін кейіпкерлерді қазіргі көптеген сянься жанрындағы туындылардың құрамына кіргізеді [4].

Сяньсядағы қытай мәдениетінің басқа да элементтерінің бірі - тарихи оқиғалар мен кезеңдер. Сянься өзінің сюжеттері үшін фон жасау үшін тарихи оқиғалар мен кезеңдерді жиі пайдаланады. Бұл белгілі бір әулеттің кезеңі, соғыс кезеңі немесе қытай тарихындағы басқа да маңызды сәттер болуы мүмкін. Тек қана кезеңдерді емес, қытай тарихында қалған маңызды адамдар мен әдеби шығармалар туралы да ескерілуі мүмкін.

Келесі элемент - философия және рухани тәжірибелер. Сянься Қытай философиясының даосизм, конфуцийшілдік және буддизм сияқты тұжырымдамаларын кеңінен ұсынады. Бұл философиялық және рухани аспектілерді терең мәдени құндылықтарды бейнелейтін сюжеттер мен кейіпкерлерге енгізуге болады. Мысалы, «Үш өмір, үш дүние(三生三世)» атты телехикаяда, басты кейіпкер әмірші құдай Донг Хуа ішкі күштерін жетілдіру үшін және өзін-өзі кемелдендіру мақсатында ажалдылар(адамдар) әлеміне жіберіліп, сынақтан өтеді.

Тағы да бір элемент ол дәстүрлі әдет-ғұрыптар. Сянься Қытайдың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын, көктем мерекесі (春节), күз ортасы меркесі(中秋节), шамдар меркесі(元旦) және ата-бабаларды құрметтеу рәсімдері, сонымен қоса мәдениеттің басқа аспектілерін қамтуы мүмкін. Көптеген сянься жанрында түскен телехикаяларда байқайтын болсақ, ескі және орта замандағы қытай мәдениетіндегі үйлену тойлар қандай болғанын көре аламыз. Сонымен қоса, перзенттік тақуалық, және де қайтыс болған адамдарды еске алу рәсімдерін де көре аламыз.

Келесі элемент- өнер және көркемдік. Қытай өнері, каллиграфия, сурет өнері, әуен және биді қамтиды. Бұл элементтерді атмосфераны құру және мәдени атмосфераны беру үшін пайдаланады. Көптеген сянься жанрындағы телехикаяларда, цисяньцинь және гучжэн музыкалық аспаптарын көруге болады, көп жағдайларда міндетті түрде басты кейіпкердің біреуі осы аспапта ойнай алады. Сол аспаптарын әуенін тыңдау, Қытайдың өнері мен мәдениетін сезінуге мүмкіндік береді. Сянься шығармаларында, қытай өнерлерінің бірі каллиграфия мен сөз өнеріне де баса назар аударады, осы элементтерді енгізу арқылы, қытай мәдениетін ашып көрсетеді.

Сонымен қатар, сянься туындыларында Қытайда пайда болған ойын түрлерін де көп көрсетеді. Оның бірі стратегиялық үстел ойыны – го. Го-бұл екі ойыншыға арналған абстрактылы стратегиялық үстел ойыны, оның мақсаты бос кеңістікті қоршау арқылы қарсыласқа қарағанда көбірек аумақты басып алу. Бұл ойын Қытайда 2500 жылдан астам уақыт бұрын ойлап табылған және осы уақытқа дейін ойналып келе жатқан ең көне үстел ойыны болып саналады. Мысалы, «Үш өмір, үш дүние» телехикаясында көптеген деңгейі жоғары ажалсыздар бір-бірімен кездесіп, жиналған кезде, міндетті түрде го ойнау арқылы сөйлеседі, және де го ойынын шеберлері – дана адамдар деп саналады. Тек қана сянься емес, уся жанрымен араласып түсірілген «Әлемді кім басқарады(且试天下)» телехикаясында, жергілікті хан басты кейіпкердің ақылды екеніне көз жеткізу үшін, онымен го ойнайды, және де бір шешім таба алмай отқан кезде го ойнау арқылы, белгілі бір шешімге келеді. Сянься жанрындағы туындылардың авторлары осы ойын түріне көп назар аударады. Басқа бір ойын түрі де бар ол – маджонг. Маджонг - төрт ойыншыға арналған сүйектерді қолданатын қытай құмар ойыны. Бұл ойынды да шығармаларда жиі көрсетеді, көптеген авторлар осы ойын арқылы кейіпкердің төзімділігі мен қулығын көрсетеді.

Көркемдік немесе сұлулық элементіне тоқталатын болсақ, сянься жанрында киімдер мен әшекей-бұйымға қатты мән береді. Көп адамдар, осы киімдерімен әшекей-бұйымы, сұлулығына бола осы жанрдағы фильмдер мен телехикаяларды көргісі келеді. Қытай мәдениетінде нефритке

аса маңызды мән береді, себебі нефрит ұлылықтың тамаша символы, адамның күші мен байлығының, оның қоғамдағы жоғары мәртебесінің символы болды. Сонымен қатар, белгілі бір уақыт аралығында нефрит адамның "тектілігінің" атрибуты болды. Сол себепті де осы жанрдағы телехикаяларда әйел азаматтардың әшекей-бұйымдары барлығы дерлік нефриттен десек те болады. Әрине алтыннан, күмістен жасалған әшекейлер болуы мүмкін, бірақ та көзге түсетін әшекейлер, мысалы, білезік, сақина, шаш түйреуіштер нефриттен жасалады. Тағы да, қосып өтетін болсақ, сянься жанрында тек сыртқы бет-келбетіне ғана емес, ұлттық тағамдарға да көңіл бөлінеді. Мысалы, «Чжао Яо туралы аңыз» телехикаясында, басты кейіпкер Чжао Яодың ең сүйікті тағамдарының бірі – қантталған долана(糖葫芦), сол себепті телехикаяның көп жерінде осы тағам түрін жиі көрсетеді. «Жұлдыз аққан кездегі махаббат немесе жұлдызды махаббат(星落凝成糖)» телехикаясында басты кейіпкер Е Танның туған күні болған кезде атақты шоу мянь тағамын 3 түрлі адам жасап алып келіп береді, және де ол кеспенің жеу ерекшелігін ескеріп айтады. Шоу мянь - бұл дәстүрлі қытай бидай кеспесі тағамы, ол туған күн, жаңа жыл және адамдар үшін маңызды басқа да мерекелік дастарханға қойылады. Бұл кеспенің ерекшелігі-оның ерекше ұзындығы бар: әр кеспенің ұзындығы шамамен 1,5 метр, ал диаметрі 0,6 миллиметр. Оны қолданудың негізгі ережесі - кеспені тұтас жеу-оны тістеуге болмайды, пісіру кезінде сындыруға болмайды, ас құралдарымен зақымдалмауы керек [5].

Келесі элемент - жекпе-жек өнері және әскери стратегия. Сяньсяда жекпе-жек өнері мен шайқастар жиі кездеседі, бұл қытай мәдениетіндегі осы аспектінің маңыздылығын көрсетеді. Дәстүрлі жекпе-жек өнері мен соғыс стратегиялары сюжеттің маңызды бөлігі бола алады. Сянься жанрындағы шығармаларда қытайдың мәдениетіндегі дәстүрлі жекпе-жек өнері –ушу маңызды рөл атқарады. Сянься жанрындағы барлық туындыларда, роман, фильм, телехикая барлығының сюжетінде жекпе-жек өнерін міндетті түрде көрсетеді, бұл туындының ең маңызды бөліктерінің бірі десек артық айтпаймыз. Тек қана жекпе-жек өнері емес, әскери стратегияларда ескеріледі. Мысалы, жоғары да айтып өтілген, «Әлемді кім басқарады(且试天下)» телехикаясында патшайым «Соғыс өнері» (孙子兵法) трактатында айтылған әскери стратегияны қолданады. «Соғыс өнері» - әскери стратегия мен саясатқа арналған және Сун Цзы жазған ең танымал ежелгі қытай трактаты.

Соңғы элементке тоқталатын болсақ, ол сәулет өнері және пейзаждар. Сяньсяның көрнекі аспектісі көбінесе ежелгі сарайлар, будда храмдары және классикалық қытай бақтары сияқты қытай сәулетінің суреттерін қамтиды. Сянься атмосферасын құруда таулар, өзендер және ормандар сияқты ландшафттар да маңызды рөл атқарады. Бұл жанрдағы телехикаялардың көбісі тыйым салынған қалада және ондағы сарайда түсіріледі (故宫博物院), осы секілді сарайлардың сәулеті қытай мәдениетін тереңірек сезінуге көмегін тигізеді.

Осылайша, сянься танымал медиа форматтары арқылы қытайлық мәдени бірегейлік пен дәстүрлерді жеткізу және сақтау құралы болып табылады. Бұл қазіргі ұрпаққа Қытайдың тарихи тамыры мен мәдени мұрасымен байланысын сақтауға көмектеседі.

Сянься мәдени көпір ретінде. Сянься, жанр ретінде, Қытайдан тыс жерлерде қытай мәдениетін таныстыруда шешуші рөл атқарады, бүкіл әлемдегі аудиторияны елдің бай мұралары мен дәстүрлерімен таныстыратын мәдени көпір ретінде қызмет етеді. Қытай мифологиясын, тарихын және мәдени құндылықтарын бейнелеу арқылы "сянься" Қытай өркениетінің күрделілігі мен нюанстарын қарастыруды ұсынады. Ажалсыздар, мифтік жаратылыстар және жекпе-жек өнері сияқты элементтерді өз әңгімелеріне қосу арқылы сянься тек көңіл көтеріп қана қоймай, көрермендерді Қытайдың мәдени матасымен таныстырады.

Сяньсяның қытай мәдениетін шетелде ұсынуға қосқан негізгі үлестерінің бірі-оның тілдік және мәдени кедергілерді жеңу қабілеті. Тілмен немесе мәдени контекстпен шектелуі мүмкін

мәдениетті таратудың дәстүрлі түрлерінен айырмашылығы, сяньсяның көрнекі және баяндау тартымдылығы әртүрлі ортадан шыққан аудиторияға жүгінеді. Субтитрлер, дубляж және онлайн платформалар арқылы сянься мәдениетаралық түсіністік пен терең тануға ықпал ететін жаһандық аудиторияға жетеді. Қазіргі кезде көптеген интернет платформалар мен әлеуметтік желілерден байқайтын болсақ, басқа елдерден сянься жанрындағы телехикаялары мен фильмдерін көрушілердің саны күннен күнге артуда. Instagram, Tik-Tok, VK, YouTube және тағы басқа желілерден көретін болсақ, ТМД елдерінің, Қытаймен жақын көршілес елдердің және соңғы кездері ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің адамдары ішінде осы жанрдағы телехикаяларды көретіндер саны көп екен.

Сонымен қатар, сянься Қытайдың мәдени өнімдерін жаһандық тарату алаңы ретінде қызмет етеді. Сяньсяның танымал телехикаялары, фильмдері мен әдебиеттері көбінесе халықаралық нарықтарға экспортталады, сол арқылы олар басқа елдердегі адал жанкүйерлерді баурайды және қытай мәдениетіне қызығушылық тудырады. Бұл мәдени алмасу Қытайдың "жұмсақ күшін" дамытып қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер арасындағы диалог пен алмасуға ықпал етеді, өзара байланысты жаһандық қауымдастықты құруға ықпал етеді. Сянься жанрын көретін әр түрлі елдегі адал жанкүйерлер, әртүрлі ұлт пен тілі болғанына қарамастан, көптеген платформаларда топтар ашып, телехикаяларды талқылайды. Кейбіреулері қытай мәдениетіне қатты қызыққаннан қытай тілін үйреніп, әдебиеттерін оқиды, кейбіреулері Қытайға саяхаттап келеді.

Алайда, сянься жанрын қабылдау қиындықсыз болмайды. Кейбір сыншылар белгілі бір бейнелер мен әңгімелер шығыстанушы стереотиптерді жалғастырады немесе қытай мәдениетін тым жеңілдетеді деп санайды. Және де сянься жанрының алғашқы үлгісін құртып, бұрмалап жатыр деп санайтын сыншылар да жетерлік. Сонымен қатар, сяньсяға енгізілген мәдени нюанстар мен тарихи сілтемелердің мағынасы халықаралық аудитория үшін жоғалуы мүмкіндігі бар, бұл қате түсініспеушілікке алып келеді деп санайды [3, 46].

Дегенмен, сяньсяның жаһандық танымалдығы оның мәдени экспорт ретіндегі тартымдылығын және Қытайдан тыс аудиторияны тарту қабілетін көрсетеді. Қытай әлемдік аренаға әсер етуді жалғастыра отырып, сянься елдер арасындағы түсіністікке ықпал ететін мәдени дипломатияның қуатты құралы болып қала береді. Өзінің қызықты баяндауымен және бай мәдени мұрасымен сянься әлемдік сахнада қытай мәдениетін қабылдауды қалыптастыруды жалғастыруда.

Сянься қытай мәдениетін бейнелеп қана қоймай, оны қазіргі әлемде түсінуге көпір ретінде қызмет ететін ажырамас мәдени құбылыс ретінде әрекет етеді. Оның мәдени қауымдастықтарды біріктіру және мәдениетаралық диалогты ынталандыру қабілеті оны жаһандық контексте мәдени түсіністік пен өзара сыйластықты кеңейтудің маңызды құралына айналдырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Хохлов Б. В. Сянься (жанр) // Большая российская энциклопедия. – 2023. URL: <https://bigenc.ru/c/sian-sia-zhanr-021308>
2. Сянься: китайское фэнтези // Все самое актуальное из мира мультимедиа. – 2021. URL: <https://nerohelp.com/22095-sansa.html>
3. 陈胖胖. 仙侠 IP: 文化再生产的危险与价值 // 美与时代: 美学. – 2023 (07): 45-52.
4. Жандарова А.В., Семенова С.Н., Тертычко Д.Д. Элементы традиционной китайской культуры в современной литературе китая жанра фэнтези (на примере произведения мосян тунсю «благословение небожителей») // Russian Linguistic Bulletin. – 2023. – No1(37). – С.1-7.

5. На день рождения и китайский новый год: что такое лапша долголетия и как правильно ее есть, чтобы прожить до 100 лет // Дзен. – 2023. URL: <https://dzen.ru/a/Y8ydUs2LzEZ60MBp>
ӘОЖ 821.581

ЦЯНЬ ЧЖУНШУДЫҢ «ҚОРШАЛҒАН ҚАМАЛ» САТИРАЛЫҚ РОМАНЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Нұрлан Ердос

1607866373@qq.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М02311 – «Шетел филологиясы: қытай тілі»
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент м.а., Г.Ахметбек

«Қоршалған қамал» атты шығармада екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қытайдың Жапонияға қарсы соғыс жүргізіп жатқан тұста Шанхайдан Еуропа елдеріне көшкен жоғары білімді зиялы қауымның тұрмыс тіршілігі туралы бейнеленген. Шетелде білім алған оңтүстік тылдағы жоғарғы зиялылар бір-бірін босқа жүректеріндегі мұнды өмір мен бос әурешілік олардың ішкі екіленуі мен дәрменсіздігін көрсетеді, рухани қуыс пен махаббат. Романда ерекше зиялылардың таңғаларлық тобы бейнеленген, олар шын мәнінде бүкіл адамзат тағдырының метафорасы. Бұл роман ең тартымды ең таңғаларлығы – оның ерекше тіл стилі. Өткір де терең, әзілқой, солардың ішінде ең көз тартатыны – метафора: метафора сипаттамалы және орынды, әдемі және бояулы.

1. Әзіл, тапқыр тіл мен байыпты мазмұнының тамаша үйлесімі

Цян мырза: «әр жерде әңгіме, қызық бар» деді. Спикер классиктер мен көне кітаптарды тапқанда салтанатты да салтанатты, иіліп, тынысын басып, ес-түссіз жатқан. Әзілді аңғару қиын емес. Солардың ішінде Цян мырза байсалды мазмұнды әзіл-оспақпен үйлестіреді. Ақылды сөздермен ұштасатын үнсіздік көрсетілген нәрсе - Цян мырзаның ерекше Цян стиліндегі әзіл-сықақ сатирасы. Мақаланың мәтіні әзіл-оспақ, бірақ түсіндірудің әсерін көрсетеді. Осы трагедияның кесірінен Цян Чжуншудың «пессимизмі» әзіл-қалжың мен әлсіздікпен көрінді [1, 10].

2. Мысалдар мен тұспалдарды қолдану

Цян мырзаның «Қоршалған қамал» икемді және көптеген пайымдауларды қамтиды және аналогиялық пайымдауларға да кіреді. Цян мырза сәбізді шебер суреттей отырып, есек пен есек қуушы, бай мен оның құлы, бүлікші есек аңшы мен есектің ақымақ «құлының» арасындағы қарым-қатынасты шебер суреттейді. Объектілерді және олардың кескіндерін түсіру. «Қоршалған қамал» қолданылатын қытай және шетелдік пародиялар әдетте инклюзивті немесе жанама метафоралар болып табылады. Жанама метафоралардың тілі қытай және шетел тұспалдарға ұқсас. Олардың өзіндік әзіл-оспақ сезімі мен мағынасы бар. Дегенмен, Цян мырза жазған тұспалдар мен дастандар оқырмандарға мәтініді жағымды етіп сездіреді.

3. Метафора әдісі көп қолданылған

Жиі қолданылатын риторикалық құрал ретінде метафоралар жанашылдық пен ерекшелікке көбірек көңіл бөледі. «Қоршалған қамал» шығармасы қашанда халық арасында кең тараған маңызды факторлардың бірі – ондағы метафоралардың жарқын да зерек болуы оқырмандарға өте әдемі сезыледі. Цян мырза өз қиялының арқасында бізді қалдырады онда көптеген классикалық метафоралық бейнелер кірістерген, бұл «Қоршалған қамал» метафора ғалымдары үшін міндетті түрде оқуға мүмкіндік қалдырады. Цян мырза метафора принципін